

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ  
2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған  
жылға арналған шоғырландырылған  
қаржылық есеп берушілігі  
және Тәуелсіз аудитордың есебі**

**МАЗМҰНЫ****ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ**

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп .....	1
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп .....	3
Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	4-5

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР**

1. Ұйымдастыру.....	6
2. Қаржылық есептілікті дйындау негіздері.....	8
3. Есеп саясатының негізгі қағидалары .....	14
4. Қызмет көрсетулер бойынша кірістер мен комиссиялар .....	25
5. Пайыздық кірістер .....	25
6. Пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануына және басқа да операцияларға сақтық қорлар .....	26
7. Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза (шығын) пайда .....	26
8. Басқа да табыс.....	26
9. Операциялық шығындар .....	27
10. Корпоративтік табыс салығы .....	27
11. Акцияға түскен пайда .....	29
12. Орталық контрагенттің қаржы активтері/(міндеттемелері) .....	29
13. Ақша және оның эквиваленттері .....	30
14. Банктердегі қаражаттар .....	30
15. Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері .....	30
16. Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері.....	31
17. Негізгі өқралдар .....	31
18. Бейматериалды активтер .....	33
19. Басқа да активтер .....	34
20. Клирингілік қатысушылардың қаражаты.....	34
21. Басқа да міндеттемелер .....	35
22. Жарғылық капитал .....	35
23. Шарт міндеттемелері және шартты міндеттемелер .....	36
24. Байланыс тараптармен жасалған операциялар .....	37
25. Қаржы аспаптарының әділ құны .....	38
26. Тәуекелдерді басқару саясаты .....	39
27. Есептік күннен кейінгі оқиғалар .....	46
28. Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті бекітілген күн .....	46

**Жетекшіліктің 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындауға жауаптылығы және қаржылық есеп берушілікті бекітуі туралы мәлімдемесі**

Ұсынылған аудиторлық қорытындыда қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралатын төмендегі өтініш «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік қатысты жетекшілік пен аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ жетекшілігі<sup>1</sup> (бұдан әрі - «Компания») 2018 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттары на (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қозғалысын және меншікті капиталының өзгеруін дұрыс бейнелейтін шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындауға жауаптылықта болады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде жетекшілік мыналарға жауаптылықта болады:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді осындай ақпараттың орындылық, сенімділік, салыстырымдылық және түсініктілік нысанында ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау сол немесе өзге де мәмілелер, сондай-ақ, өзге де оқиғалар немесе жағдайлар қаржылық жағдайға немесе Топтың қаржылық қызметінің нәтижелеріне әсер ететіндей ақпаратты қолданушылардың түсінуі үшін жеткіліксіз болып шықса, қосымша ақпараттарды ашып көрсету;
- Топтың жақын болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.


Жетекшілік, сондай-ақ, мыналарға жауаптылықта болады:

- Топтың тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қамтамасыз ету;
- Топтың мәмілелерін ашып көрсетуге және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есепке алуды жүргізу, сондай-ақ,
- кез-келген күні Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікпен ақпаратты ұсыну және қаржылық есеп берушіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- өз құзыреті шегінде Топтың активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қолдану;
- алаяқтық және өзге де қиянат жасау фактілерін анықтау және болдырмау.

Жетекшілік 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті 2019 жылғы 28 наурызда бекіткен.

Жетекшіліктің атынан

  
Алдамбергген А.Ө.  
Басқарма төрағасы

  
Капанова И.Б.  
Бас бухгалтер

2019 жылғы 28 наурыз  
Алматы, Қазақстан

<sup>1</sup>Осы жерде жетекшілік деп «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасы тұспалданады, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп туралы» заңның 6 бабының 4 тармағы 2 абзацын ескерумен.



Тел.: +7 727 331 31 34  
Факс: +7 727 331 31 35  
info@bdokz.com  
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"  
ул. Габдуллина, 6  
Алматы, Казахстан  
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34  
Fax: +7 727 331 31 35  
info@bdokz.com  
www.bdokz.com

BDO Kazakhstan LLP  
6 Gabdullin Street  
Almaty, Kazakhstan  
A15H4E3

## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ**

### **«Қазақстан қор биржасы» АҚ акционерлеріне және Директорлар кеңесіне есебі**

#### **Аудит нәтижесі бойынша қорытынды**

##### **Пікір**

Біз қоса беріліп отырған 2018 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктен, жиынтық табыс туралы есептен, капиталындағы өзгерістер туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша құралдарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ, есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша сипаттамадан және өзге де түсіндірмелі ескертулерден тұратын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «Топ») қаржылық есеп берушілік аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, «Түсіндірмелі пікір білдіру үшін негіздеме» тарауында мазмұндалған мәселенің ықтимал әсерін қоспағанда, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік 2018 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның барлық маңызды аспектілеріндегі қаржылық жағдайын, сондай-ақ, қаржылық қызметінің нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жыл бойындағы ақша құралдарының қозғалысын Қаржылы есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс ұсынады.

##### **Пікір білдіру үшін негіздеме**

Біз Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Біздің осы стандарттарға сәйкес міндеттеріміз қорытындымыздың бұдан әрі қарайғы «Аудитордың қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге жауапкершілігі» тарауында сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық стандарт жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне (БХСК кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге қолданылатын этика талаптарына сәйкес, Топ тәуелді емеспіз және аталған талаптарға және Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес, біз өзіміздің өзге де этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

##### **Басқа ақпарат**

Басшылық басқа да ақпарат үшін жауапты болып табылады. Басқа да ақпаратқа жылдық есепте бар ақпарат кіреді, бірақ қаржы есептілігі мен оған біздің аудиторлық есебіміз кірмейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлық есеп берілген күннен кейін ұсынылады. Біздің шоғырландырылған қаржы есептілігі туралы пікіріміз басқа ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің қаржы есептілігіне аудит жүргізуімізбен байланысты біздің міндетіміз басқа ақпаратпен танысу және осымен қатар басқа ақпарат пен қаржы есептілік немесе аудит барысында біз алған біліміміздің арасында маңызды сәйкессіздік бар ма және басқа да ақпаратта өзге де мүмкін айтарлықтай бұрмалаушылықтар бар ма деген сұрақты қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз ондағы басқа ақпараттың айтарлықтай бұрмаланғаны туралы қорытындыға келсек, біз бұл туралы корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларды хабардар етуге міндеттіміз.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде жетекшілік Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және Жетекшілік Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған немесе оның тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге дұрыс баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметінің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есеп берушілікті құрастыруға жауаптылықта болады.

Корпоративті басқаруға жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігін даярлауды қадағалауға жауаптылықта болады.

### **Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге аудитордың жауаптылығы**

Біздің мақсатымыз жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің мазмұнында және біздің пікіріміз қамтылатын тексеру қорытындысын шығаруда маңызды бұрмалаулар жоқ екеніне орынды сенімділікке қол жеткізу. Орынды сенімділік дегеніміз сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ, Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда, әрқашан оларды анықтаудың кепілі болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан болуы мүмкін және олар шоғырландырылған- шоғырландырылған немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есеп берушілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін екенін негізді түрде болжауға болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз тұтас аудит бойында кәсіби пайымды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан қаржылық есеп берушіліктің маңызды бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді өзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болып қызмет ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз.

Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені, жосықсыз іс-әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу мақсатында, бірақ, Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, тексеру үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесі ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және жетекшілік дайындаған ақпараттың тиісті ашып көрсетілуін бағалаймыз;
- қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды жетекшіліктің қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күмәндану пайда болуы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындығы келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есеп берушіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетуге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашып көрсету тиісті емес болып табылса, пікірімізді өзгертуіміз тиіс. Біздің қорытындымыз аудиторлық қорытынды жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, алдағы оқиғалар мен жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, тұтас қаржылық есеп берушілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуға, сондай-ақ, қаржылық есеп берушілік өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз етерліктей ұсынады ма, соған бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен, олардың назарына өзге ақпараттардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде, аудит процесінде өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асырамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен, олардың назарына өзге ақпараттардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде, аудит процесінде өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асырамыз.

«BDO Kazakhstan» ЖШС  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қаржылық бақылау комитетінің аудиторлық  
қызметпен айналысуға берген 2015 жылғы 19  
ақпандағы №15003448 мемлекеттік лицензиясы

2019 жылғы 28 наурыз

Директоры Т. А. Омаров

Аудитор Ирина Литвинчик

2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 0000223  
аудитордың біліктілік куәлігі

ҚР аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік  
комиссиясы берген

А15Н4ЕЗ, Қазақстан Республикасы, Алматы  
қаласы,  
Ғабдуллин көшесі, 6-үй

**ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған***(теңгемен көрсетілген, бір акцияға пайдадан басқа, мың қазақстандық теңгемен)*

	Ес- кертү	Аяқталған жыл	
		2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Қызмет көрсетулер бойынша кірістер және комиссиялар	4	<b>2.360.794</b>	1.939.460
Пайыздық кірістер	5	<b>671.598</b>	554.160
Пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануынан және басқа операциялардан сақтық қорлардың қалпына келтірілуі (қалыптасуы)	6	<b>(4.444)</b>	656
Шетел валютасымен жасалған операциялардан таза шығын/ (пайда)	7	<b>10.135</b>	2.927
Қауымдастырылған Компанияларға салынған пайданың үлесі		-	792
Кірістер еншілес ұйымды таратудан алынды		<b>(19.213)</b>	-
Басқа да кірістер	8	<b>62.021</b>	23.619
<b>Операциялық кірістер</b>		<b>3.080.891</b>	2.521.614
Операциялық шығындар	9	<b>(1.938.678)</b>	(1.615.972)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>1.142.213</b>	905.642
Корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар	10	<b>(176.901)</b>	(112.833)
<b>Таза пайда</b>		<b>965.312</b>	792.809
<b>Басқа да жиынтық табыс</b>			
<i>Ағымдағы немесе кейінгі кезеңдерде пайда немесе залалдың құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық табыс</i>			
Әділ құны бойынша қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған таза шығын			
		<b>(44)</b>	(44)
<i>Ағымдағы немесе кейінгі кезеңдерде пайда немесе залалдың құрамына қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық табыс</i>			
<b>Негізгі қаражатты қайта бағалау:</b>			
		-	(25.663)
Негізгі қаражатты қайта бағалау	17	-	(29.682)
Табыс салығының өсері	10	-	4.019
<hr/>			
Басқа да жиынтық табыс		<b>(44)</b>	(25.707)
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>		<b>965.268</b>	767.102

**Бір акцияға есептелген пайда**  
Базалық және көбейтілген (теңге)

11 **1.024,73** 841,61

Жетекшіліктің<sup>2</sup> атынан

Алдамберген А.Ө.  
Басқарма төрағасы

Капанова И.Б.  
Бас бухгалтер



2019 жылғы 28 наурыз  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Осы жерде және әрі қарай Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі мен оның ескертпесінде Жетекшілік деп «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасы тұспалданады, Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есеп туралы" заңының 6 бабының 4 тармағы 2 абзацын ескерумен.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған***(мың қазақстандық теңгемен)*

	<i>Ескерту</i>	<b>2018 жылғы 31 желтоқсан<sup>3</sup></b>	<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>
<b>Активтер</b>			
Ақша және оның баламалары	13	<b>26.720.462</b>	102.759
Қолданылуы шектелген ақша		-	1.859.408
Банктердегі қаражаттар	14	<b>1.145.303</b>	1.926.341
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері			
Сатуға арналған қолда бар инвестициялар	15	<b>21.053</b>	21.053
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері/Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	16	<b>18.593.240</b>	4.156.119
Қауымдастырылған Компанияға салынатын инвестициялар		-	141.256
Орталық контрагенттің қаржы активтері	12	<b>3.341.113</b>	-
Берілген аванстар		<b>4.939</b>	6.142
Негізгі құралдар	17	<b>1.333.716</b>	1.381.846
Бейматериалды активтер	18	<b>156.215</b>	179.134
Сатуға арналған активтер	1	<b>100.325</b>	-
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлеу		-	120.520
Кейінге қалдырылған корпоративтік салық бойынша актив	10	<b>710</b>	633
Басқа да активтер	19	<b>166.717</b>	114.258
<b>Активтер жиыны</b>		<b>51.583.793</b>	10.009.469
<b>Міндеттемелер мен капитал</b>			
<b>Міндеттемелер</b>			
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	20	<b>39.141.386</b>	1.859.408
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	12	<b>3.341.113</b>	-
Алынған аванстар		<b>66.228</b>	51.831
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		<b>20.785</b>	3.218
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	10	<b>24.360</b>	23.546
Басқа да міндеттемелер	21	<b>77.956</b>	59.576
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>42.671.828</b>	1.997.579
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	22	<b>2.366.256</b>	2.366.256
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар		<b>(62.076)</b>	-
Басқа жиынтық арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын инвестицияларды қайта бағалау бойынша сақтық қорлар		<b>57</b>	101
Негізгі құралдарды қайта бағалау сақтық қоры	17	<b>179.893</b>	181.105
Басқа да қорлар		<b>1.750.000</b>	240.000
Бөлінбеген пайда		<b>4.677.835</b>	5.224.428
<b>Капитал жиыны</b>		<b>8.911.965</b>	8.011.890
<b>Міндеттемелер және капитал жиыны</b>		<b>51.583.793</b>	10.009.469

Жетекшіліктің атынан


  
Алдамбергенов А.Ө.  
Басқарма төрағасы
2019 жылғы 28 наурыз  
Алматы, Қазақстан

  
Капанова И.Б.  
Бас бухгалтер

<sup>3</sup>Осы жерде әрі қарай Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінде және оны ескертпесінде қандай да бір жылдың 31 желтоқсаны деп осы жылдың 31 желтоқсанының алматылық уақытпен 24.00 сағаты тұспалданады.



## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

(мың қазақстандық теңгемен)

	Жарғылық капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша сақтық қорлар	Негізгі құралдарды қайта бағалау сақтық қоры	Басқа да қорлар	Бөлінбе-ген пайда	Капитал жиыны
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2.366.256</b>	<b>145</b>	<b>213.770</b>	<b>225.000</b>	<b>4.439.617</b>	<b>7.244.788</b>
Басқа да жиынтық табыс	-	(44)	-	-	-	(44)
Негізгі құралдарды қайта бағалау	-	-	(25.663)	-	-	(25.663)
Қайта бағалау қорын амортизациялау	-	-	(1.239)	-	1.239	-
Істен шыққан кезде негізгі құралдарды қайта бағалауды ауыстыру	-	-	(5.763)	-	5.763	-
Сақтаулы қордың ұлғаюы	-	-	-	15.000	(15.000)	-
Бір жылдағы таза пайда	-	-	-	-	792.809	792.809
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>	<b>-</b>	<b>(44)</b>	<b>(32.665)</b>	<b>15.000</b>	<b>784.811</b>	<b>767.102</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2.366.256</b>	<b>101</b>	<b>181.105</b>	<b>240.000</b>	<b>5.224.428</b>	<b>8.011.890</b>
9 ХҚЕС-ті қолдануға байланысты күтілетін кредиттік шығындарға арналған сақтық қорлар	-	-	-	-	(3.117)	(3.117)
<b>Меншікті акцияларды сатып алу</b>	<b>(62.076)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(62.076)</b>
Басқа жиынтық шығын	-	(44)	-	-	-	(44)
Қайта бағалау қорын амортизациялау	-	-	(403)	-	403	-
Істен шыққан негізгі құралдардың қайта бағалауын ауыстыру	-	-	(809)	-	809	-
Сақталу қорының ұлғаюы	-	-	-	1.510.000	(1.510.000)	-
Бір жылдағы таза пайда	-	-	-	-	965.312	965.312
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>	<b>(62.076)</b>	<b>(44)</b>	<b>(1.212)</b>	<b>1.510.000</b>	<b>(546.593)</b>	<b>900.075</b>
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2.304.180</b>	<b>57</b>	<b>179.893</b>	<b>1.750.000</b>	<b>4.677.835</b>	<b>8.911.965</b>

Жетекшіліктің атынан

Алдамберген А.Ө.  
Басқарма төрағасы

Капанова И.Б.  
Бас бухгалтер2019 жылғы 28 наурыз  
Алматы, Қазақстан

**АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған***(мың қазақстандық теңгемен)*

		<i>2018 жылғы 31</i>	<i>2017 жылғы 31</i>
	<i>Ескер</i>	<i>желтоқсанда</i>	<i>желтоқсанда</i>
	<i>ту</i>	<i>аяқталған жыл</i>	<i>аяқталған жыл</i>
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		1.142.213	905.642
<b>Ақшалай емес баптар бойынша түзетулер</b>			
Басқа активтердің құнсыздану сақтық қоры	6	(976)	656
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша сақтық қорларды қалыптастыру		-	8.038
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан келген шығындар	17	-	54.410
Қауымдастырылған Компанияларға салынатын пайданың үлесі		-	(792)
Басқа жиынтық табыс арқылы есепке алынатын инвестициялардың әділ құнындағы таза өзгерісі		(44)	(44)
Негізгі құралдардың істен шығуынан келген шығындар		4.776	14.173
Қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануынан болған шығын		37.473	-
Қауымдастырылған Компанияны сатуға арналған активтер қайта сыныптауға байланысты пайда/ шығын		6.256	-
НҚ және МЕА-ның басқа да құралдары		(3.474)	-
Есептелген пайыздық кіріс	5	(671.598)	(554.160)
Тозық және амортизация	17,18	132.515	134.796
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		<b>647.141</b>	<b>562.719</b>
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер</b>			
<i>Операциялық активтердің көбеюі/ (азаяуы)</i>			
Клирингтік қатысушылардың қаражаты		1.859.408	(1.432.772)
Банктердегі қаражаттар		772.495	640.614
Берілген аванстар		1.203	(2.298)
Басқа да активтер		(52.015)	(31.450)
<i>Операциялық міндеттемелердің көбеюі/ (азаяуы)</i>			
Клирингтік қатысушылардың қаражаты бойынша міндеттемелер		37.281.978	1.432.772
Алынған аванстар		14.397	10.521
Басқа да міндеттемелер		18.380	1.641
<b>Салық салынғанға дейінгі операциялық қызметтен ақшаның түсуі</b>		<b>40.542.987</b>	<b>1.181.747</b>
Алынған пайыздар		674.195	628.598
Төленген корпоративтік табыс салығы		(38.077)	(91.804)
<b>Операциялық қызметтен таза түсім</b>		<b>41.179.105</b>	<b>1.718.541</b>


## АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(36.354)	(87.288)
Бейматериалды активтерді сатып алу	(12.436)	(11.697)
Бейматериалды активтерге капиталға айналатын жалақы және басқа да шығындар	(16.776)	(11.634)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестицияларды сатып алу	(14.433.760)	(1.615.322)
<b>Инвестициялық қызметте ақшаны таза қолдану</b>	<b>(14.499.326)</b>	<b>(1.725.941)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		
Меншікті үлестік құралдарды сатып алу	(62.076)	-
<b>Қаржы қызметінде ақшаны таза пайдалану</b>	<b>(62.076)</b>	<b>-</b>
<b>Ақша және оның баламаларындағы таза көбею /(азаяу)</b>	<b>26.617.703</b>	<b>(7.400)</b>
Ақша және оның баламалары, жылдың басында	13 102.759	110.159
Ақша және оның баламалары, жылдың соңында	13 26.720.462	102.759

Жетекшіліктің атынан



Алдамберген А.Ө.  
Басқарма төрағасы

Капанова И.Б.  
Бас бухгалтер

2018 жылғы 28 наурыз  
Алматы, Қазақстан

**1. ҰЙЫМ**

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания, Биржа) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, 1993 жылғы 17 қарашада құрылған.

Қазіргі уақытта Компания Алматы қаласы Әділет департаменті Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген 2004 жылғы 7 қаңтардағы № 1952-1910-01-АО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет етеді.

Компанияның құнды қағаздар нарығындағы қызметі келесі лицензиялардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі - ҚБК) 2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 құнды қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген лицензия. Лицензия құнды қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық береді:
  - құнды қағаздармен және өзге де қаржы аспаптарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет;
  - құнды қағаздар нарығында қаржы аспаптарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет.
- 2) 2018 жылдың 05 қыркүйегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық және шетелдік валютада банктік операцияларды жүргізуге рұқсат беретін № 4.3.8 лицензиясы. Лицензия келесідей банктік операцияларды жүргізуге құқық береді:
  - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
  - аудару операциялары: төлемдер және ақша аударымдары бойынша шоғырландырылған және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
  - заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу.
  - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» көп функциялы кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат.

Биржаның қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру болып табылады.

Биржаның қызметінің ілеспелі түрі қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызмет және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыру бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған ақпараттық және өзге де қызметтерді көрсету бойынша қызмет болып табылады.

2018 жылғы 31 желтоқсанның және 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша әрқайсысына Компанияның орналастырылған акцияларының жалпы көлемінің 5%-дан астамын құрайтын көлемдегі жай акциялары тиесілі акционерлер келесідей көрсетілген:

	<i>2018 жылғы 31 желтоқсан, %</i>	<i>2017 жылғы 31 желтоқсан, %</i>
<b>Акционерлер</b>		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ММ	50,10	50,10
«Қазақстан Халық жинақ Банкі» АҚ	7,75	-
«Қазкоммерцбанк» АҚ	-	6,33
«CENTRICA» ЖШС	6,88	6,88
Басқалар (жеке-жеке 5%-дан кемін иеленетіндер)	35,27	36,69
<b>Жиыны</b>	<b>100,00</b>	<b>100,00</b>

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» (бұдан әрі - «Заң») Қазақстан Республикасы Заңының 84-бап 2-тармағына сәйкес, сауданы ұйымдастырушы әрбір акционердің оның үлестес тұлғаларымен бірге үлесі уәкілетті орган, яғни, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі акционер болып табылатын жағдайды қоспағанда, орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан аса алмайды.

**1. ҰЙЫМДАР (жалғасы)**

2018 жылғы 31 желтоқсанда және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компанияның бақылаушы тарабы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») болып табылады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанының соңындағы жағдай бойынша аталған қаржылық есеп берушілік мақсаттары үшін шоғырландырылған келесі ұйымдар кіретін Топтың бас Компаниясы болып табылады:

<i>Атауы</i>	<i>Қызметті жүргізуші ел</i>	<i>Дауыс беретін акциялар пайызы, (%)</i>	<i>Жарғылық капиталға салым (мың теңге)</i>	<i>Қызмет түрі</i>
«ИРБИС қаржы нарықтарының ақпарат агенттігі» ЖШС	Қазақстан	100	8.930	Ақпараттық қызмет көрсетулер
«eTrade.kz» ЖШС	Қазақстан	100	12.852	Ақпараттық қызмет технологиялар
			<u>21.782</u>	

«ИАФР» ИРБИС» ЖШС қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы ҚР Әділет министрлігінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 4813 бұйрығына сәйкес «ИАФР» ИРБИС» ЖШС жою рәсімі аяқталды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы күн соңындағы жағдай бойынша «ИРБИС» Қаржы нарығының ақпараттық агенттігі» ЖШС жойылды.

<i>Атауы</i>	<i>Қызметті жүргізуші ел</i>	<i>Дауыс беретін акциялар пайызы, (%)</i>	<i>Жарғылық капиталға салым (мың теңге)</i>	<i>Қызмет түрі</i>
«eTrade.kz» ЖШС	Қазақстан	100	12.852	Ақпараттық қызмет технологиялар
			<u>12.852</u>	

**Қауымдастырылған компания**

«РТРС» ЖШС қауымдастырылған Компаниясы Қазақстан Республикасында өз қызметін жүргізеді және сақтық қорлық сауда және есеп айырысу орталығының функцияларын орындайды. Қауымдастырылған компанияға салынатын инвестициялар шоғырландыру мақсаты үлестік қатысу әдісімен есепке алынады.

2018 жылғы 31 желтоқсанда және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде жарғылық капиталға қатысу пайызы тікелей қатысудың 50%-ын құрады және «Орталық құнды қағаздар депозитарийі» АҚ-ға салынған акциялардың 34,69%-ына иелік ету арқылы «РТРС» ЖШС-нің жарғылық капиталына жанама қатысты.

Биржа аталған инвестицияны «РТРС» ЖШС—тің қаржылық есеп берушілігін еншілес ұйымға шоғырландырмайды, өйткені, оған Топтың бақылауы жоқ. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, «Орталық құнды қағаздар депозитарийі» АҚ акцияларының 54,98%-ын иелену арқылы және Биржа акцияларының 50,1%-ын иелену арқылы «РТРС» ЖШС Компаниясына нақты бақылауды жүзеге асырады. ҚРҰБ-ның «РТРС» ЖШС-нің жарғылық капиталына жалпы жанама қатысу үлесі 52,54%-ын құрайды.

«РТРС» ЖШС-дағы Биржа үлесін сату» және «Орталық құнды қағаздар депозитарийі» АҚ-мен мәміле жасау туралы» Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №38 шешімімен:

1) қатысу үлесі 50%;

2) 50% көлеміндегі қатысу үлесінің бағасы - 97.527.000 теңге.

Топтың 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жоғарыда көрсетілген қаржылық есептілігінде «РТРС» ЖШС өткізу бағасы ретінде бекітілген тәуелсіз бағалаушының 2018 жылғы 06 желтоқсандағы есебі негізінде айқындалған әділ құн бойынша сатуға арналған актив ретінде көрсетілген.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

### Бухгалтерлік есеп негіздері

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес дайындалған. Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік нақты шығындар бойынша есепке алу қағидасына сәйкес дайындалған, «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде атап көрсетілгенді қоспағанда, мысалы, сатуға арналған қолда бар инвестициялар, ғимараттар, жерлер, көлік құралдары негізгі құралдары Топтарының әділ құны бойынша бағаланды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Топ қызмет ететін ұйым болып табылады және жақын болашақта өз қызметін жалғастырады деген болжамға сүйене отырып, дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік акцияға түсетін пайдадан басқа, және егер өзгеше көрсетілмесе, мыңдаған Қазақстан түсетін пайдаданңе») ұсынылған.

### Атқарымдық валюта

Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінің атқарымдық валютасы - Топқа қатысы бар оқиғалар мен жағдайлардың негізінде жатқан экономикалық мәнді бәрінен жақсы бейнелейтін валюта - теңге болып табылады.

### Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы аспаптары»;

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарт бойынша түсім»;

22 ХҚЕТК (IFRIC) - Шетел валютадағы операциялар және өтемақыны алдын ала төлеу;

40 ХҚЕС (IAS) «Инвестициялық жылжымайтын мүлік»;

2 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау»;

4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - 9 ХҚЕС-ті (IFRS) «Қаржы құралдары» 4 ХҚЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану;

28 ХҚЕС-ке (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» түзетулер - жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру;

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»;

Топ келесі 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе кейінгі есептік кезеңдер үшін қолданысқа енгізілген қайта қарастырылған ХҚЕС-терді қолданды. Топ жасап шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірулерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

### 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы аспаптары»

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» 39 ХҚЕС (IFRS) «қаржы құралдары: тану және бағалау», сондай-ақ 9 ХҚЕС (IFRS) барлық алдыңғы нұсқаларын ауыстырады және қаржы құралдары бойынша жобаның барлық кезеңдерін қамтиды. Стандарт жіктеуге және бағалауға, сондай-ақ, құнсыздануды және сақтандыруды есепке алуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді.

Жіктеу және бағалау бөлігінде жаңа стандарт қарыздық және туынды аспаптарды қоспағанда, барлық қаржы активтерін бағалау Компания қаржы активтерін басқару үшін қолданатын бизнес-үлгіге және келісім-шартта қарастырылған ақша ағындарына байланысты қаржы активінің сипаттамаларына сүйене отырып, құрамдастырылған тәсіл негізінде жүргізілуін талап етеді. ХҚЕС (IAS) 39 белгілеген санаттардың орнына келесі қаржы аспаптарының санаттары енгізіледі: пайда немесе шығын арқылы (ПнЗ) әділ құн бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы (БЖТ) және амортизацияланған құн арқылы бағаланатын.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

### Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС-ті қолдану (жалғасы)

#### Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) сондай-ақ компанияларға амортизацияланған құн бойынша немесе ЖСҚ арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде тану критерийлеріне жауап беретін қаржы құралдарын, егер бұл бағалауға немесе тануға көзқарастың сәйкес еместігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жіктеуді жалғастыруға (бірақ кейіннен қайта сыныптау құқығынсыз) рұқсат етеді. Саудаға арналмаған үлестік құралдар (кейіннен қайта сыныптау құқығынсыз) ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылуы мүмкін, бұл ретте осындай құралдар бойынша кірістер немесе шығыстар одан әрі пайда туралы есепте көрсетуге жатпайды. Қаржылық міндеттемелерді есепке алу тәртібі жалпы 39 ХҚЕС (IAS) талаптарына ұқсас.

9 ХҚЕС (IFRS) құнсыздануды есепке алу тәсілін түбегейлі өзгертеді. Келтірілген шығындар негізінде тәсіл орнына 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды көрсетуді талап ететін болжамды тәсіл енгізіледі. Топ амортизацияланған құны бойынша ескерілетін барлық қаржы активтері және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын басқа да борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін тануға міндетті болады. Резерв келесі 12 ай ішінде дефолт ықтималдығына байланысты күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада бағалануы тиіс. Құрал бойынша кредиттік тәуекел оны бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай өскен жағдайда, резерв активтің бүкіл мерзімі ішінде дефолт ықтималдығына қарай бағаланады.

9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 01 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ретроспективті қолдану міндетті болып табылады, бірақ салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу талап етілмейді. Көшу күніне стандартты қолданудың әсері (2018 жылғы 01 қаңтар) бөлінбеген пайда құрамында көрсетілген.

Топтың бизнес-моделін бағалау бастапқы қолдану күніне, 2018 жылғы 01 Қаңтарда жүзеге асырылды. Қарыз құралдары бойынша шартта көзделген ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне тек қана төлемдер болып табылатындығына талдау осы активтерді бастапқы тану сәтінде болған фактілер мен мән-жайлар негізінде жүзеге асырылатындығына талдау болып табылады.

9 ХҚЕС (IFRS) қолданылуы топтың қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға елеулі әсер еткен жоқ.

Топ 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес әділ құны бойынша бағаланған барлық қаржы активтерін әділ құны бойынша бағалауды жалғастырды. Төменде топтың қаржы активтері жіктемесінің өзгерістері берілген:

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар және дебиторлық берешек ретінде жіктелген дебиторлық берешек және басқа да айналымнан тыс қаржылық активтер, мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын, борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне тек төлем болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай құралдар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеледі және бағаланады.

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелгенге дейін ұсталатын қаржы активтері ретінде жіктелген баға берілетін борыштық құралдар 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар ретінде жіктеледі және бағаланады. Топ шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында осы активтерді ұстап қалады. Топтың бағамдалатын борыштық құралдарына ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне тек қана төлем болып табылатын қарапайым Мемлекеттік және корпоративтік облигациялар жатады.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)****Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС-ті қолдану (жалғасы)****Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)**

• 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктелген, акциялары биржада бағамдалмайтын ұйымдардың үлестік құралдарына инвестициялар 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап топтың қалауы бойынша өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген үлестік құралдар ретінде жіктеледі және бағаланады. Топ оның күшін жою құқығынсыз, оның қолда бар инвестицияларын осы санатқа мөлшерлемейтін үлестік құралдарға қосу туралы шешім қабылдады, өйткені ол осындай инвестицияларды таяу болашақта ұстап тұруға ниеттеніп отыр. Алдыңғы кезеңдерде осындай инвестицияларға қатысты пайда немесе шығын құрамында танылған құнсызданудан болған шығындар болған жоқ. Топ өз қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде қандай да бір қаржылық міндеттемелерді жіктемеген жоқ. Топтың қаржылық міндеттемелерін жіктеу және бағалау өзгерген жоқ.

9 ХҚЕС (IFRS) қолдануға қатысты түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтарда меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептің тиісті баптарында танылды. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) көшу кезінде бағалаудың жаңа әдістемесі қолданылды: құнсыздануға арналған сақтық қор күтілетін шығындардың моделін пайдалана отырып есептелген.

Төменде 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес құнсыздануға арналған бағалау сақтық қорларын кезең соңына 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес айқындалған кезең басына шығындар үшін бағалау сақтық қорларымен салыстырып тексеру ұсынылған:

	<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздануға арналған бағалау сақтық қоры (мың теңге)</b>	<b>Қауіта бағалау</b>	<b>2018 жылдың 01 қаңтарына 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес ЖБҚ (мың теңге)</b>
39 ХҚЕС (IAS) сәйкес дебиторлық берешек / 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері және шарт бойынша активтер	6.598	(4.161)	2.437
39 ХҚЕС (IAS) сәйкес өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар / 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	3.892	(3.361)	531
Ақша және оның баламалары	-	256	256
Банктердегі қаражат	-	10.383	10.383
39 ХҚЕС (IAS) сәйкес сату үшін қолда бар қаржы активтері / 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар	-	-	-
	<b>10.490</b>	<b>3.117</b>	<b>13.607</b>



## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС-ті қолдану (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарт бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылдың мамыр айында 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін 15 ХҚЕС-ті (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарт бойынша түсім» жасап шығарды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. ХҚЕС (IFRS) 15 түсімді тану қағидаларын белгілейді және сатып алушылармен жасалған барлық келісім-шарттарға қолданылуы тиіс. Алайда, қаржы аспаптары және жалға алу келісім-шарттарына тікелей байланысты пайыздық және комиссиялық кірістер 15 ХҚЕС-тің (IFRS) әрекет ету саласынан тыс қалады және басқа қолданыстағы стандарттармен реттелетін болады (мысалы, 9 ХҚЕС (IFRS) және 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалға алу»).

15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес, түсім ұйым сатып алушыға осы тауарлар мен қызмет көрсетулердің беріп, оның орнына құқық алуды күтетін орнын толтырудың көлеміндегі тауарларды немесе қызмет көрсетулерді беру фактілері бойынша танылады. Стандарт, сондай-ақ, сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар себеп болатын түсімнің және ақша ағындарының туындауының сипаты, шамасы, мерзімі және белгісіздігі туралы нақты ақпаратты ашып көрсету бойынша талаптарды қамтиды

- *Қызмет көрсету*

15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес Топ бұрын қолданыста болған есеп саясатын қолдануды жалғастыратын және кезең ішінде топ көрсететін қызметтерге байланысты түсімді танитын болады деген қорытындыға келді, себебі клиенттер бір мезгілде Топ ұсынатын пайданы алады және тұтынады. 15 ХҚЕС (IFRS) көшкен кезде Топқа Сауда дебиторлық берешек құрамынан шарт бойынша активтер құрамына қайта сыныптауды жүргізу талап етілмейді.

- *Клиенттерден алынған аванстық төлемдер*

15 ХҚЕС (IFRS) қысқа мерзімді аванстық төлемдерге қатысты қабылдаған кезде Топ практикалық сипаттағы оңайлатуды пайдаланды. Осы жеңілдетуге сәйкес Топ шартты жасасу кезінде Топ клиентке уәде етілген қызметтерді беру мен осындай қызметті клиентке төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайтын мерзімде күтетін болса, шарттардағы қаржыландырудың елеулі компонентінің әсерін ескере отырып, уәде етілген өтеу сомасын түзетпейді.

*ХҚЕС (IFRS) 2-ге түзетулер «Акциялардың негізінде төлемдер»*

ХҚЕС жөніндегі кеңес акциялардың негізінде төлемдер бойынша операцияларды жіктеуге және бағалауға қатысты ХҚЕС (IFRS) 2-ге түзетулерді «Акциялардың негізінде төлемдер» жасап шығарды. Түзетулер стандартты қолдану тәжірибесіндегі айырмашылықтарды жоюға тартылған, бірақ, тек жіктеуге және бағалауға қатысты шектеулі мәселелер шеңберін ғана қарастырады. Түзетулерде үш негізгі сала бойынша талаптар пысықталады:

- ақша құралдарымен есеп айырысатын акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияларды бағалауға құқықтарды ауыстыру келісім-шарттарына әсер ету;
- акцияның негізінде төлемдер бойынша келісім-шарттары Компания осы қызметкер үшін тиісті салықты төлеу жөніндегі міндетті орындау үшін қызметкерге берілуі тиіс үлестік аспаптардың бір бөлігін ұстап қалуға рұқсат беретін операцияларды жіктеу;
- акциялардың негізіндегі төлем бойынша операциялардың талаптарын түрлендіру оның ақша қаражатымен есеп айырысулармен операциялар санатынан үлестік құралдармен есеп айырысулармен операциялар санатына қайта жіктеуді талап еткен жағдайларда есепке алу тәртібі.

Аталған түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын және содан кейінгі кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзетулерді қолдану Топтың өткен кезеңдер үшін мәліметтерін қайта есептеуін талап етпейді; Топ барлық үш түзетуді бірден қолдануға шешім қабылдаған және кейбір басқа да өлшемдерді орындаған жағдайда, ретроспективті қолдануға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, мерзімінен бұрын қолдануға да рұқсат етілген. Атаған түзетулер Топқа қандай да бір әсер етпейді деп күтілуде.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

### Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС-ті қолдану (жалғасы)

#### Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - 9 ХҚЕС-ті (IFRS) «Қаржы құралдары» 4 ХҚЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану;

Түзетулер қаржы аспаптары бойынша Компаниялар қазір ХҚЕС жөніндегі кеңес 4 ХҚЕС-тің (IFRS) орнына әзірлеп жатқан сақтандыру келісім-шартын есепке алу бойынша жаңа стандартты қолдана бастаған күнге дейін 9 ХҚЕС (IFRS) жаңа стандартын қолдануына байланысты туындайтын мәселелерді жоюға тартылған. Түзетулерге сәйкес, сақтандыру келісім-шарттарын жасайтын Компаниялар екі нұсқаның біреуін таңдай алады: 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босату немесе салу әдісін қолдану. 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босатуды қызметі көбінесе сақтандырумен байланысты Компаниялар қолдануы мүмкін. Мұндай Компаниялар 9 ХҚЕС (IFRS) қолдануды 39 ХҚЕС (IAS) "Қаржы аспаптары: тану және бағалау" 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, бірақ осы мерзімнен кеш емес қолдануды жалғастыра алады. Өтемдік тәсіл 9 ХҚЕС (IFRS) және 4 ХҚЕС (IFRS) бір мезгілде қолдану кезінде туындауы мүмкін олардың қосымша құбылмалылығын жою үшін пайда немесе шығынды міндетті түзетуді қарастырады.

Уақытша босатуды 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын және содан кейінгі кезеңдер үшін қолдануға рұқсат етіледі. Өтемдік тәсілді Компаниялар ХҚЕС (IFRS) 9-ды бірінші рет қолданған кезде таңдауы мүмкін және ол 9 ХҚЕС-қа (IFRS) ауысу кезінде белгілі бір санатқа жатқызылған қаржы активтеріне қатысты ретроспективті қолданылуы тиіс. Атаған түзетулер Топқа қандай да бір әсер етпейді деп күтілуде.

#### 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалға алу»

16 ХҚЕС (IFRS) жалға беруші де, жалға алушы да тарапынан жалдау және есепке алу келісімдерін айқындаудың бірыңғай моделін енгізеді. Жаңа стандарт күшіне енгеннен кейін 17 ХҚЕС (IAS) «жалдау» және барлық байланысты түсіндірмелерді ауыстырады.

16 ХҚЕС (IFRS) жалға алу шарттарын және қызмет көрсету шарттарын сатып алушы сәйкестендірілген актив бақылауының негізінде ажыратады. Операциялық жалға алу (баланстан тыс есепке алу) мен қаржылық жалға алу (баланста есепке алу) арасындағы бөліну жоқ, оның орнына модель пайдаланылады, оған сәйкес жалға алушының есебінде пайдалану құқығы нысанындағы актив және қысқа мерзімді жалға алу мен құны төмен активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарына қатысты тиісті міндеттеме (барлық шарттар бойынша баланста есепке алу) танылуы тиіс.

Пайдалану құқығы нысанындағы Актив бастапқыда бастапқы құны бойынша танылады және бастапқы танудан кейін жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып, бастапқы құны бойынша (бірнеше ерекшеліктерді ескере отырып) есепке алынады. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Бастапқы танылғаннан кейін жалдау жөніндегі міндеттеме міндеттеме бойынша пайыздарға және жалдау төлемдеріне, сондай-ақ басқалармен қатар жалдау шартының модификацияларының әсеріне түзетіледі. Бұдан басқа, ақша ағындарын жіктеу де өзгереді, өйткені 17 ХҚЕС (IAS) сәйкес операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктеледі, ал 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалдау төлемдері тиісінше қаржылық және операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде ұсынылатын міндеттеме мен пайыздардың негізгі сомасын өтеуге бөлінетін болады.

Жалға алушы тарапынан есепке алуға қарағанда жалға беруші тарапынан 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес есепке алу іс жүзінде 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда өзгеріссіз қалды және жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдауға бөлу талап етеді.

2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға берушілерден 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашуды талап етеді.

Алдын ала талдау 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалдау анықтамасына сәйкес келетін жалдау келісімдері туындаған кезде топ активтерді көрсетеді, қысқа мерзімді жалдау немесе 16 ХҚЕС (IFRS) төмен құны бар активтерді жалдау критерийлеріне сәйкес келетіндерді қоспағанда, осы шарттарға қатысты пайдалану құқығы мен жалдау бойынша міндеттемелер нысанында жүзеге асырылады.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС-ті қолдану (жалғасы)

*Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)*

Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру (2015-2017 жылдар циклі) (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі).

Жетілдіру келесі стандарттарға жатады:

3 ХҚЕС (IFRS) «бизнесі біріктіру». Ұйым бірлескен операциядағы өзінің бұрынғы үлесін қайта бағалайды, бизнеске бақылау жасағаннан кейін;

11 ХҚЕС (IFRS) «бірлескен қызмет». Ұйым бизнеске бірлескен бақылау алғаннан кейін бірлескен операциядағы өзінің бұрынғы үлесін асыра бағаламауы тиіс;

12 ХҚЕС (IAS) «пайдаға салынатын салықтар». Ұйым дивидендтік төлемдердің барлық салықтық салдарын бірдей ескеруі тиіс;

23 ХҚЕС (IAS) «қарыздар бойынша шығындар». Компания бастапқыда активті өзірілеу үшін тартатын кез келген қарыз алулар жалпы қарыз алудың бір бөлігі ретінде есептеледі, бұл актив өзінің болжамды пайдалануына немесе сатуға дайын болғаннан кейін;

19 ХҚЕС-ке (IAS) «жоспардың өзгеруі, тапшылықты қысқарту немесе жою нәтижесінде қайта бағалау» түзетулер (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);

Интерпретация (IFRIC) 23 «пайда салығын есепке алуға қатысты белгісіздік» (2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді);

28 ХҚЕС-ке (IAS) «қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» түзетулер (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);

9 ХҚЕС-ке (IFRS) «әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу шарттары» түзетулер (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);

17 ХҚЕС (IFRS) «сақтандыру шарттары» (2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді);

10 ХҚЕС (IFRS) / 28 ХҚЕС-ке (IAS) «инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе енгізу» (күшіне ену күні үлестік қатысу әдісіне қатысты зерттеу жобасы аяқталғанға дейін белгісіз мерзімге кейінге қалдырылды) түзетулер.

Топ көрсетілген стандарттарды, түзетулерді және интерпретацияларды мерзімінен бұрын қолданбаған және қазіргі уақытта олардың қаржылық есептілікке әсерін бағалауды аяқтамаған.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

#### Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік компанияның және компания бақылайтын ұйымдардың (және оның еншілес ұйымдарының) қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау мынадай шарттар орындалған жағдайда ғана жүзеге асырылады:

- Топтың инвестициялау нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау нысанына қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқықтарының болуы;
- Топтың инвестициялау нысанына қатысты өз өкілеттіктерінің көмегімен кіріске ықпал ету мүмкіндігінің болуы.

Егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш компонентінің бірінің немесе бірнешеуінің өзгергенін куәландырса, Топ инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі осы ұйымды сатып алған сәттен бастап (осы ұйымдарға топтың тиімді бақылауын жүзеге асыру басталатын күн) сату сәтіне дейін (осы ұйымдарға топтың тиімді бақылауын жүзеге асыру тоқтатылатын күн) Топтың қаржылық есеп берушілігіне шоғырландырылады. Еншілес ұйымдардың жалпы жиынтық табысы топ иелеріне жатады.

Топтың еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігі компанияның есептемесі сияқты сол есепті кезең үшін және сол есеп саясатын пайдалана отырып жасалады.

Топ ішіндегі операциялардың нәтижесі ретінде пайда болған барлық қалдықтар, кірістер мен шығыстар шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

#### **Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар**

Қауымдасқан ұйым - бұл топтың қызметіне елеулі әсер ететін ұйым. Елеулі ықпал - бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу, бірақ бұл саясатты бақыламау немесе бірлесіп бақылау.

Елеулі әсердің немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас. Топтың оның қауымдасқан Ұйымына және бірлескен кәсіпорнына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялар бастапқыда бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны кейіннен сатып алу күнінен кейін туындайтын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі. Қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға жататын Гудвил инвестициялардың баланстық құнына қосылады және құнсыздануға жеке тестіленбейді.

Қауымдасқан ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы топтың үлесі тікелей пайда немесе залал туралы есепте берілген. Ол салық салынғаннан және қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейінгі пайда немесе залал болып табылады.

Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға өзінің инвестициясы бойынша құнсызданудан қосымша шығынды тану қажеттілігін айқындайды. Әрбір есепті күнге топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құнсыздануының объективті растауының болуын белгілейді. Мұндай растаулар болған жағдайда топ құнсыздану сомасын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды бапта пайда немесе залал туралы есепте таниды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

«Қауымдастырылған ұйым мен бірлескен кәсіпорын пайдасындағы үлес»

Қауымдасқан ұйымға елеулі әсер ету немесе бірлескен кәсіпорынға бірлесіп бақылау жоғалған жағдайда топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Елеулі әсерді жоғалту немесе бірлескен бақылау сәтіндегі қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны мен істен шығудан түсетін түсімдер арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

#### Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістерді тану

Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістер сәйкесінше қызмет көрсетулерді ұсыну шамасына қарай танылады. Мүшелікке кіру жарнасы бойынша және листингтік алымдар бойынша кірістер ұйымды Биржаның мүшелікке қабылдау және құнды қағаздарды Топтың ресми тізіміне қосу туралы шешімнің негізінде танылады. Топтың қандай да бір ұйымнан ай сайынғы мүшелік жарналар ретінде алатын кірісі ай сайын ұдайы негізде аталған ұйым Топтың мүшесі болып тұрған кезде танылады. Ай сайынғы листингтік алымдар бойынша кірістер өздері тиесілі он екі айлық мерзімнің ішінде танылады.

#### Пайыздық кірістерді тану

Пайыздық кірістер есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің (не қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер тобы) амортизацияланған құнын есептеуден, сондай-ақ пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызудан тұрады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме-күтілетін болашақ төлемдер немесе ақша түсімдері қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза ағымдағы құнына келтірілетін пайыздық мөлшерлеме. Бұл ретте ақша ағындарын қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің болжамды жұмыс істеу мерзімі кезеңінде немесе, егер бұл қолданылса, неғұрлым қысқа кезеңге дисконттау жүргізіледі.

Пайыздық кірістерге бағалы қағаздарға инвестициялардан алынатын пайыздық кірістер, депозиттер бойынша есептелген сыйақы және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша ақша қалдығына кіреді.

Егер қаржы активі немесе біртекті қаржы активтері тобы құнсыздану нәтижесінде есептен шығарылған (ішінара есептен шығарылған) болса, пайыздық кіріс болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған бастапқы тиімді пайыздық ставканы ескере отырып айқындалады.

9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) 39 ХҚЕС (IAS) «қаржы құралдары: тану және бағалау» ауыстырады және 2018 жылғы 01 Қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алудың үш аспектісін біріктіреді: жіктеу және бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу.

#### Қаржы активтерін жіктеу және бағалау

9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес топ бастапқыда қаржы активтерін пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша емес бағаланатын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құн бойынша бағалайды.

Шартта көзделген ақша ағындарын алуға бағытталған, тек негізгі соманы және ол бойынша пайыздарды қамтитын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар, әдетте, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алумен де, қаржы активін сатумен де қол жеткізілетін, сондай-ақ борыштың негізгі сомасын және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейтін шарттық талаптары бар бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар әдетте ЖСҚ арқылы әділ құны бойынша көрсетіледі. Барлық өзге борыштық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады.

Қарыз құралдары бойынша шартта көзделген ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне тек қана төлемдер болып табылатындығына талдау осы активтерді бастапқы тану сәтінде болған факторлар мен мән-жайлар негізінде жүзеге асырылды.

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)**

#### **Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау**

Топтың қаржылық міндеттемелерін есепке алу тәртібі тәртіпке қарағанда өзгеріссіз қалды. 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес қолданылатын. 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес 9 ХҚЕС (IFRS) пайда немесе шығын туралы есепте әділ құнның өзгеруін мойындай отырып, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары ретінде шартты өтеуге қатысты міндеттемелерді ескеруді талап етеді.

Қаржылық міндеттемелер мәмілені ресімдеу бойынша шығындарды шегере отырып, әділ құны бойынша есепке алынады. Бұдан әрі өзге қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығын тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Топ қаржылық міндеттемелерді тануды олар өтелген, жойылған немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана тоқтатады. Қолданыстағы қаржылық міндеттеме Елеулі ерекшеленетін шарттарда сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе қолданыстағы міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгерсе, онда мұндай айырбастау немесе өзгерту бастапқы міндеттемені есептен шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Танылуы тоқтатылатын қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төленуге тиісті сыйақы арасындағы айырма пайда немесе залалда танылады.

#### **Құнсыздану**

9 ХҚЕС (IFRS) қолданылуы қаржылық активтер бойынша құнсызданудан болған шығындарға қатысты топ пайдаланатын есепке алу тәртібін өзгертті. 39 ХҚЕС (IAS) пайдаланылатын және келтірілген шығындарға негізделген әдіс болжамды күтілетін кредиттік шығындар моделіне ауыстырылды. Күтілетін кредиттік шығындар шартқа сәйкес Топқа тиесілі ақша ағындары мен топ алуды күткен барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Толық алмау содан кейін осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең ставка бойынша дисконтталады.

Дебиторлық берешекке қатысты топ стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және барлық мерзім ішінде ЖБК есептеді. Топ қарыз алушылар үшін ерекше болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген өзінің кредиттік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау сақтық қорларының матрицасын пайдаланды.

Басқа борыштық қаржы активтері жағдайында ЖБК 12 айға есептеледі. Алайда, қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған жағдайда, бастапқы тану сәтінен бастап шығынға арналған бағалау резерві барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада бағаланады.

Топ басшылығы ҚР Ұлттық Банкіндегі орналастырылған депозиттерге және қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты кредиттік тәуекелді олардың тұрақты сыртқы кредиттік рейтингтерін ескере отырып, төмен ретінде бағалады, осы активтерге қатысты күтілетін кредиттік шығындарды мойындамады.

#### **Ақша және оның баламалары**

Ақша және оның баламалары кассадағы ақшаны және Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі банктердегі үш айға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар қолдануы шектелген ақшаларды қоспағанда, ағымдағы шоттар және корреспонденттік шоттар бойынша ақша қалдықтарын қамтиды.

#### **Клирингілік қатысушылардың қаражаты**

Клирингілік қатысушылар қаражатының көп бөлігін Валюталық нарық мүшелерінің келесі сауда-саттық күні операцияларды жүзеге асыру мақсатында есеп беру күніне Биржаның корреспонденттік шоттарында орналастырылған ақшалары құрайды. «Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру ережесі» тобының ішкі құжатына (бұдан әрі – Ереже) сәйкес әрбір клиринг қатысушысы топтың корреспонденттік шотындағы қамтамасыз етудің және кепілдік жарнаның белгілі бір деңгейін қолдауы тиіс. Сондай-ақ, клирингілік қатысушылардың кейбірі келесі сауда-саттықты жүзеге асыру мақсатында топтың корреспонденттік шотында сауда күнінің соңында ақша сомасын қалдырады. Топ оларды клирингтік қатысушылар алдындағы міндеттемелерімен таниды.

*(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)*

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

#### Банктердегі қаражаттар

Топ өз қызметінің процесінде 3 (үш) айдан астам мерзімге банктерден ағымдағы шоттар мен салымдарды ашады. Банктердегі белгілі бір өтеу мерзімі бар қаражаттар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Банктердегі қаражаттар құнсыздану сақтық қорларын шегергенде, егер мұндай бар болса, есепке алынады.

#### Орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелері

Биржа валюталық нарықта және деривативтер нарығында орталық контрагент (бұдан әрі - ОК) ретінде әрекет етеді, әрбір қатысушы үшін биржалық сауда-саттықта жасалған барлық мәмілелер бойынша тарап бола отырып және олардың нетто-негізде орындалуына кепілдік береді. Осындай мәмілелер бойынша активтер мен міндеттемелер бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес биржа белгілеген күн сайынғы есеп айырысу бағалары негізінде есептелген таза әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері валюталық нарықтағы мәмілелер бойынша есепті кезеңнің соңында аяқталмаған орталық контрагенттің міндеттемелерін қамтиды. Бұл қаржылық міндеттемелер пайда немесе шығын құрамында қайта бағалауды көрсете отырып, әділ құн бойынша көрсетіледі.

#### Орталық контрагентті қамтамасыз ету

Биржа валюталық нарықта және деривативтер нарығында қатысушылар алдындағы нетто-міндеттемелердің орындалуына жеке және ұжымдық қамтамасыз ету жүйесін пайдалана отырып кепілдік береді. Қатысушының жеке қамтамасыз етілуі оның қаржылық жағдайы негізінде анықталатын санатта берілген клирингтік қатысушыға байланысты толық немесе ішінара болуы мүмкін.

ОК ішінара қамтамасыз ету мөлшеріне қойылатын талаптары Биржаның ішкі әдістемелерінің негізінде есептеледі және ОК алдындағы барлық қаржы құралдарындағы клирингтік қатысушының нетто-міндеттемелерінің нарықтық тәуекелінің мөлшерін жабуы тиіс. Валюталық нарықта және деривативтер нарығында ішінара қамтамасыз ету үшін қабылданатын қаржы құралдары қатысушылар Биржаның корреспонденттік шоттарына аударатын теңге және АҚШ доллары болып табылады.

Клирингтік резервтік және кепілдік қорлары ішінара қамтамасыз етумен клирингтік қатысушылар алдындағы мәмілелердің орындалуын ұжымдық қамтамасыз ету болып табылады. Сақтық қор қорлары әрбір биржалық нарық үшін Биржаның меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылады. Кепілдік қорлар клирингтік қатысушылардың кепілдік жарналары негізінде қалыптастырылады.

#### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда Негізгі құралдарды сатып алуға тікелей байланысты негізгі шығындар мен орны толтырылмайтын салықтарды қамтитын сатып алынған құны (бастапқы құны) бойынша танылады.

Негізгі құралдар бастапқы танылғаннан кейін келесідей есепке алынады:

- 1) қайта бағаланған құн бойынша есепке алу үлгісі бойынша - ғимараттар мен құрылыстар, тұрғын үйлер, жер телімдері және автокөлік құралдары;
- 2) нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісі бойынша - Негізгі құралдардың барлық басқа Топтары.

Қайта бағаланған құн бойынша есепке алу үлгісін қолдану кезінде Негізгі құралдар жинақталған амортизация және құнсызданудан болған шығындарды шегергенде қайта бағаланған күні әділ құн бойынша есепке алынады.

Топ аталған бірліктің тиімді қызметінің мерзімін ұзартатын немесе оны қолданудан түсетін болашақ экономикалық пайданы арттыратын жетілдіруге және Негізгі құралдар бірліктерін жөндеуге жұмсалған шығындарды капиталға айналдырады. Осы капиталға айналуының өлшеміне сәйкес келмейтін Негізгі құралдарды жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар Топтың жиынтық табыс туралы есебінде олар жұмсалған кезеңде бейнеленеді.

Негізгі құралдардың амортизациясы құнды бірқалыпты істен шығару әдісін қолдана отырып, операциялық шығындар ретінде тиімді қызметті бағалау мерзімі ішінде Топтың жиынтық табыс туралы есебіне қосылады.

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Егер негізгі құралдардың қандай да бір бірлігінің компоненттерінің тиімді қызметінің мерзімі әр түрлі болса, Негізгі құралдардың шоғырландырылған леген бірліктері ретінде қарастырылады.

	<i>мерзімдер, жылдармен 2018 жылы қолданылатын</i>
Ғимараттар	40
Машиналар мен жабдықтар	3-15
Көлік құралдары	6,7
Басқалар	6-10

Жер және аяқталмаған құрылыс амортизацияланбайды.

Негізгі құралдардың теңгерімдік құны, тиімді қызметінің мерзімі және амортизациялау әдісі әр есептік күні қайта қарастырылады.

**Бейматериалды активтер**

Бейматериалды активтер бағдарламалық қамту және лицензияларды қамтиды.

Жеке сатып алынған бейматериалды активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесі біріктірудің нәтижесінде сатып алынған бейматериалды активтер құны сатып алынған күнгі әділ құн болып табылады. Бастапқы танылғаннан кейін бейматериалды активтер нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісі бойынша есепке алынады. Нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісін қолдану кезінде бейматериалды активтер жинақталған амортизация және жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергенде өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Егер Топ материалдық емес активті құратын болса, онда материалдық емес активті әзірлеуге жұмсалатын шығыстар материалдық емес активтің өзіндік құнына қосылады және келісім-шарт талаптарына сәйкес, мақсаты бойынша қолдану үшін материалдық емес актив толық дайын болғанға дейін аяқталмаған құрылыс түрінде есепке алынады.

Іштей құрылған материалдық емес активтің өзіндік құны материалдық емес актив танудың өлшемдеріне алғашқы рет жауап беретін шама болатын күні келтірілген келесі шығындардың сомасын білдіреді және тікелей бөлінуі және ақылға қонымды және кейінгі негізде әзірлеуге, жасауға, өндіруге және активті мақсаты бойынша қолдануға даярлауға жатқызылуы мүмкін барлық шығындарды қамтиды:

- 1) материалдық емес активті құру кезінде қолданылған немесе тұтынылған материалдар мен қызмет көрсетулерге жұмсалған шығындарды;
- 2) активті құрумен тікелей айналысатын қызметкерлерге байланысты еңбек ақы және басқа шығындарды (Топ мұндай жұмыстар барлық жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, атқарылған жұмыс туралы есептердің негізінде бағдарламалық өнімдерді өңдеумен тікелей айналысатын қызметкерлердің сыйақысын капиталға айналдыруды жүзеге асырады);
- 3) құрылатын активке тікелей қатысты активті құру үшін қолданылған заңды құқықты, патенттерді және лицензияларды тіркеуге жұмсалған баж сияқты кез-келген шығындарды қамтиды.

Бейматериалды активтердің шектеулі және белгісіз тиімді пайдалану мерзімі болуы мүмкін. Белгісіз тиімді пайдалану мерзімі бар бейматериалды активтер амортизацияланады, бірақ, жыл сайын құнсыздануы тексеріледі.

Төменде бейматериалды активтердің тиімді пайдалану мерзімдерін бағалау мерзімдері берілген:

	<i>мерзімдер, жылдармен 2018 жылы қолданылатын</i>
Іштей әзірленетін бағдарламалық қамту	3-9
Басқа да бағдарламалық қамтулар және лицензиялар	5
Басқа да МЕА	5



**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)****Сақтық қорлар**

Сақтық қорлар Топтың бұрынғы оқиғалардың нәтижесінде пайда болған міндеттемелері (заңды немесе жобаланатын) бар болғанда және Топ аталған міндеттемелерді өтеуі тиіс болуының жоғары ықтималдығы бар болғанда және мұндай міндеттемелердің көлемі жеткілікті дәрежеде нақты бағалануы мүмкін болғанда, есепке алуда бейнеленеді.

Есепке алуда бейнеленетін алдағы шығындардың сақтық қорының көлемі аталған міндеттемелер үшін тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді есепке ала отырып, есептік күні белгіленген міндеттемелерді өтеу үшін қажетті сомаларды ең жақсы бағалауды білдіреді. Егер сақтық қордың көлемі міндеттемелерді өтеу бойынша болжанатын ақша ағындарының негізінде есептелетін болса және уақыттағы ақша құнының өзгеруінің әсері маңызды болып табылса, онда сақтық қор осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде белгіленеді.

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдер үшінші тараптан жартылай немесе толық орны толтырылатын болса, сәйкесінше дебиторлық берешек орнын толтыру алынатындығына толық сенімділік және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау үшін мүмкіндік болған жағдайда, актив ретінде бейнеленеді.

**Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет**

Топ, егер олардың баланстық құны жалғасып келе жатқан пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтелуге жататын болса, айналымнан тыс активтерді және шығатын топтарды сатуға арналған ретінде жіктейді. Сатуға арналған ретінде жіктелген айналымнан тыс активтер мен шығып қалған топтар сатуға арналған шығындар шегерілген баланстық құны мен әділ құны бойынша екі мәnniң ең азы бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар активтің (немесе шығатын топтың) шығуына тікелей қатысты қосымша шығындар болып табылады және қаржыландыру бойынша шығындар мен пайдаға салынатын салық бойынша шығындарды қамтымайды.

Сатуға арналған ретінде объектіні жіктеу критерийі, егер сату ықтималдығы жоғары болса, ал актив немесе шығатын топ өзінің ағымдағы жағдайында дереу сатылуы мүмкін болған жағдайда ғана сақталған болып саналады. Сатуды жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекеттер сату жөніндегі іс-әрекеттердегі елеулі өзгерістердің, сондай-ақ сатудың күшін жоюдың аз ықтималдығын көрсетуге тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша міндетті қабылдауға тиіс және сату жіктеу күнінен бастап бір жыл ішінде аяқталады деп күту болуы тиіс.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатуға арналған ретінде жіктеуден кейін амортизацияға жатпайды.

**Шетелдік валюталар**

Топтың әр жеке компаниясының қаржылық есеп берушілігін және Топтың шоғырландырылған есеп берушілігін дайындау кезінде атқарымдық валютадан (бұдан әрі - «шетелдік валюталар») ерекшеленетін Топ валютамен жүзеге асыратын операциялар операция болған күні айырбас бағамы бойынша есепке алынады. Шетел валюталарымен көрсетілген ақша баптары әр есептік кезеңнің соңында сәйкесінше валюталық бағам<sup>5</sup> бойынша қайта есептеледі. Әділ құнымен есепке алынатын шетел валюталарымен көрсетілген ақша емес баптар әділ құн белгіленген күні әрекет еткен айырбас бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетел валюталарымен көрсетілген тарихи құны бойынша бейнеленген ақша баптары қайта есептелмейді.

Төменде Топ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті құрастыру кезінде қолданған жыл соңындағы айырбас бағамдары берілген:

	<b>2018 жылғы 31</b>	<b>2017 жылғы 31</b>
	<b>желтоқсан</b>	<b>желтоқсан</b>
KZT/1 USD	384,20	332,33
KZT/1 EUR	439,37	398,23
KZT/1 RUR	5,52	5,77
KZT/1 GBP	488,13	448,61

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)****Жарғылық капитал**

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер өздері жарияланған кезеңде меншікті қаражаттарының азаюы ретінде бейнеленеді. Есептік күннен кейін жарияланған дивидендтер 10 ХҚЕС-ке (IAS) «Есептік күннен кейінгі оқиғалар» сәйкес, есептік күннен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті түрде ашып көрсетіледі.

**Капиталдың құрамындағы сақтық қорлар мен қорлар**

Топтың қаржылық жағдай туралы есебінде бейнеленген капиталдың құрамындағы сақтық қорлар мен қорлар келесіні қамтиды:

- сатуға арналған қолда барлар санатына жатқызылған инвестициялардың әділ құнының өзгеруі жататын сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау сақтық қоры;
- негізгі құралдарды қайта бағалау сақтық қорлары;
- туынды аспаптар нарығына қатысушылардың ықтимал дефолтын жабу үшін қалыптасатын басқа да қорлар.

2018 жылы резервтік қор 1.750.000 мың теңгеге дейін ұлғайтылды.

	<b>2018 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>
Валюталық фьючерстік келісім-шарттармен сауда жасауға арналған қоры	<b>70.000</b>	70.000
Индекстік фьючерстік келісім-шарттармен сауда жасауға арналған қоры	<b>100.000</b>	100.000
«Қор» биржалық нарық секторы бойынша клирингтік сақтық қор қоры	<b>80.000</b>	70.000
Валюталық нарықтың клирингтік сақтық қор қоры	<b>1.500.000</b>	-

Сақтық қор қоры капитал қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте басқа да қорлардың құрамына кіреді.

**Салық салу**

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады және кейінге қалдырылған салық тура басқа да жиынтық кіріс немесе капиталда есепке алынатын операцияларға жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, Топтың пайдалар мен шығындар туралы есебінде бейнеленеді.

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар сомасы кезең үшін төлемге есептелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өткен жылдардың салықтық берешегі бойынша барлық түзетулерді есепке ала отырып, есептік күні әрекет ететін салық салу мөлшерлемелерінің негізінде есептелген салықтың болжалды көлемі болып табылады.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер міндеттемелердің теңгерімдік әдісін қолдана отырып, барлық уақытша айрмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар Топтың бірлесуі болып табылмайтын және жасалған күні бухгалтерлік кіріс және салық салынатын кіріс және шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының туындауын қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың қаржылық есеп берушіліктегі теңгерімдік құны арасындағы барлық уақытша айырмалар бойынша белгіленеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив шегерілетін уақытша айырмалар қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда алудың маңызды ықтималдығы қандай дәрежеде бар болса, сондай дәрежеде ғана танылады.

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

#### Салық салу (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әр есептік күні қайта қарастырылады және активтердің барлығын немесе бір бөлігін қолдануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу күмәнді болып бағаланатын дәрежеде төмендетіледі.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер есептік күні күшіне енген немесе нақты күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, активті өткізу немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Топ кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізеді және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қорытынды айырманы бейнелейді, егер:

- Топтың ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуды жүргізуге заңды тіркелген құқығы бар; және
- кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері бір ғана салық субъектісінен бір ғана салық органы өндіріп алатын кіріс салығына жатады.

#### Жалға алу

Келісім жалға алу болып табыла ма немесе оның жалға алу белгілері бар ма деген анықтама жалдау қатынастары басталған күнгі келісімнің мазмұнын талдауға негізделген. Келісім жалға алу болып табылады немесе егер келісімді орындау нақты активті (немесе активтерді) пайдалануға байланысты болса және осы келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан екінші тарапқа ауысады, тіпті бұл актив (немесе осы активтер) келісімде анық көрсетілмейтін (көрсетілмейтін) болса да.

#### Топ жалға алушы ретінде

Жалға алу жалдау қатынастары басталған күні қаржылық немесе операциялық ретінде жіктеледі. Топқа иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалға алу жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша немесе, егер бұл сома аз болса - ең төменгі жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша жалдау мерзімі басталған күні капиталдандырылады. Жалдау төлемдері қаржыландыру бойынша шығындар мен жалдау бойынша міндеттеменің негізгі сомасын азайту арасында міндеттеменің өтелмеген сомасына тұрақты пайыздық ставка алынатындай етіп бөлінеді. Қаржыландыру бойынша шығындар тікелей пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Жалға алынған актив активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда, егер топқа жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығы ауысатынына негізделген сенім болмаса, актив мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзім ішінде амортизацияланады: активті пайдалы пайдаланудың есептік мерзімі және жалдау мерзімі.

Операциялық жалдау қаржылық жалдаудан өзгеше жалдау ретінде анықталады. Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдаудың бүкіл мерзімі ішінде пайда немесе залал туралы есепте желілік әдіспен операциялық шығыстар ретінде танылады.

#### Әділ құнды бағалау

Топ үлестік құралдар сияқты қаржы құралдарын және негізгі құралдар сияқты қаржылық емес активтерді әділ құны бойынша бағалайды.

Әділ құн деген активті сатудан алынған немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіпте жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленген құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле келесідей жүргізіледі деп болжайды:

- немесе негізгі нарықта аталған актив немесе міндеттеме үшін;
- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда, аталған актив немесе міндеттеме үшін барынша ыңғайлы нарықта.

Топтың негізгі немесе барынша ыңғайлы нарыққа қол жетімділігі болуы тиіс.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

#### Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар өздерінің үздік экономикалық мүдделерінде әрекет еткен жағдайда рынокқа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының экономикалық пайданы генерациялау қабілетін не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді пайдалану арқылы не оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сату арқылы назарға алады.

Топ қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті мәліметтерге қол жетімді, сонымен қатар, орынды бақыланатын бастапқы мәліметтерді ең көп қолдана отырып және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді ең аз қолдана отырып бағалау әдістемелерін қолданады.

Әділ құны қаржылық есеп берушілікте бағаланатын немесе ашып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтердің негізінде әділ құн көздері сатысының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер мен міндеттемелер бойынша (қандай да бір баға белгілеусіз) актив нарығында нарықтық баға белгілеу;
- 2-деңгей - әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтері нарықта тура немесе жанама болып табылатын сатының ең төменгі деңгейіне жататын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтері нарықта бақыланатын болып табылмайтын сатының ең төменгі деңгейіне жататын бағалау үлгілері.

Қайталанатын негізде қаржылық есептілікте қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында топ әрбір есепті кезеңнің соңына жіктемені қайта талдай отырып (тұтастай әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) иерархия деңгейлері арасында оларды аудару қажеттілігін айқындайды.

Топ жетекшілігі негізгі құралдардың және сатылмайтын қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау үшін де, мысалы, сатуға арналған активтер сияқты активтердің әділ құнын қайталанбайтын бағалау үшін де саясат пен рәсімдерді айқындайды. Негізгі құралдардың объектілері және сатылмайтын қаржы активтері сияқты елеулі активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты елеулі міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады.

Жетекшілік әрбір есепті күнге топтың есеп саясатына сәйкес қайта талдау немесе қайта бағалау қажет активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін талдайды.

Топтың басшылығы мен сыртқы бағалаушылары бағалау нәтижелерін кезең-кезеңімен топтың тәуелсіз аудиторларына ұсынады, бұл бағалау кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдарды талқылауды көздейді.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсаттары үшін топ оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн сатысындағы қолданылатын деңгейдің сипаты негізінде активтер мен міндеттемелерді жіктеді.

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдарының және қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде берілген:

- Бағалау әдістері, Елеулі бағалаулар мен жорамалдар туралы ақпаратты ашу (3, 15, 17-ескертулер);
- Әділ құн иерархиясы туралы сандық ақпаратты ашу (25-ескерту);
- Сатылмайтын акцияларға инвестициялар (15-ескерту);
- Қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделі бойынша есепке алынатын негізгі құралдар (17-ескерту);
- Қаржы құралдары (амортизацияланған құны бойынша көрсетілгендерді қоса алғанда) (16-ескерту).

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

#### Маңызды бухгалтерлік болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері

Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде Жетекшілік басқа көздерден айқын болып табылмайтын активтер және міндеттемелердің теңгерімдік құнына қатысты болжалдар, бағалаулар және жорамалдар жасайды. Бағалау мәндері және олардың негізінде жатқан болжамдар нақты жағдайларда орынды болып саналатын бұрынғы тәжірибеге және басқа да факторларға сүйене отырып қалыптасады. Нақты нәтижелер бұл бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар және базалық пайымдар ұдайы қайта қарастырылады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер егер өзгеріс сол кезеңге ғана немесе өзгеру кезеңінде және болашақ кезеңдерде әсер ететін болса, егер өзгеріс ағымдағы кезеңге де, болашақ кезеңдерге де әсер ететін болса, бағалау қайта қарастырылатын кезеңде танылады.

#### Бағалаулардағы белгісіздіктердің негізгі көздері

Төменде болашаққа қатысты келесі қаржылық жыл ішінде активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын маңызды түзетулерге әкелуі мүмкін ықтималдықтың үлкен үлесімен негізгі болжамдар және есептік кезеңнің соңындағы бағалаулардағы басқа да бағалаулардағы белгісіздіктердің негізгі көздері берілген.

#### Сатуға арналған активтер

2018 жылғы 25 желтоқсанда Директорлар кеңесі Биржаның «РTPC» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесін жүзеге асыру туралы өз шешімін жариялады. Директорлар кеңесі берілген инвестиция осы күнге сатуға арналған ретінде жіктеу өлшемдеріне жауап берді деп есептеді:

- қатысу үлесі дереу сату үшін қолда бар және сатып алушыға өзінің ағымдағы жағдайында сатылуы мүмкін.
- сатуға байланысты іс-шаралар басталды және бұл ретте сату бастапқы жіктеу күнінен бастап бір жыл ішінде аяқталады деп болжамданады.
- әлеуетті сатып алушы сәйкестендірілді және есепті күнге онымен келіссөздер аяқталды.

#### Дебиторлық берешектің құнсыздануы

Дебиторлық берешек қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзге активтердің құрамына енгізіледі. Күтілетін кредиттік тәуекелдерді бағалау және дебиторлық берешек бойынша құнсыздануға резервті қалыптастыру кезінде ХҚЕС (IFRS 15) қолдану саласына жататын операциялар және жалдау бойынша дебиторлық берешек салдарынан туындайтын шарт бойынша активтер топтың оңайлатылған тәсілі қолданылады.

Жеңілдетілген тәсіл келесі қамтиды.

(IFRS 15) ХҚЕС бойынша қаржыландырудың Елеулі құрауышынсыз шарт бойынша және орындау мерзімі бір жылдан аспайтын келісімшарттар бойынша дебиторлық берешек және активтер үшін, активтің әрекет ету мерзімі әдетте 12 айды немесе одан аз болғандықтан, активтің барлық қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар танылады. Тиісінше, 12 айға кредиттік шығын және активтің барлық жұмыс істеу мерзіміне кредиттік шығын тең:

1) Сауда дебиторлық берешек бойынша топ негізделген және расталатын ақпаратты ескере отырып түзетілген бағалау резервтерінің матрицасын (дебиторлық берешекті туындау мерзімдері бойынша бөлу) пайдалана отырып күтілетін кредиттік шығындардың есебін қолданады.

Жыл сайын топ талданатын жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей өткен жылғы дефолттар деңгейін анықтау және бағалау сақтық қорының ставкасын айқындау үшін дебиторлық берешек бойынша ақы төлеу мерзімдеріне талдау жүргізеді. Бағалау сақтық қорының есептелген ставкалары күтілетін кредиттік шығындарға арналған сақтық қорды есептеу мақсатында мерзімі өткен күндердің санына байланысты, тоқсан соңындағы жағдай бойынша дебиторлық берешекке есепті жыл ішінде қолданылады.

Сондай-ақ 361 күннен астам мерзімді қоса алғанда мерзімі өткен дебиторлық берешекке 100% мөлшерінде бағалау резервінің ставкасы қолданылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

#### Маңызды бухгалтерлік болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері (жалғасы)

2) дебиторлық берешек, шарт бойынша активтер, жалдау бойынша дебиторлық берешек, қаржыландырудың елеулі құраушысы бар топ қаржылық активтің барлық жұмыс істеу мерзімінде күтілетін кредиттік шығындарды танудың оңайлатылған тәсілін қолданады.

Топ мерзімі өткен берешек ретінде берілген активтер бойынша берешекті өтеу кезеңдері мен күнін қайта қарауды қарамайды.

Топ активтерді бухгалтерлік есепте тануды 100% мөлшерінде күтілетін кредит шығындарына резервтер (провизиялар) жасалған берешек бойынша және борышкердің борыш сомасын өтеуіне әкеп соқпаған мерзімі өткен дебиторлық берешекті өндіріп алу жөніндегі барлық шараларды қабылдау бойынша ғана тоқтатады.

2018 жылғы 31 желтоқсанның және 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің жалпы құны сәйкесінше 146.175 мың теңгені және 93.218 мың теңгені құрады, ал құнсызданудың сақтық қор сомасы сәйкесінше 6.153 мың теңгені және 6.598 мың теңгені құрады (19-ескерту).

#### *Салық салу*

Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кедендік заңнамасы әр түрлі түсіндірулерді жасап алады және жиі өзгертулерге ұшырап отырады. Жетекшіліктің Топтың мәмілелері мен қызметіне қатысты қолданылатын осындай заңнамаға қатысты түсіндіруімен тиісті аймақтық және мемлекеттік органдар келіспеуі мүмкін. Салық кезеңдері салық органдарының тексеруі үшін салық тексеруі жүргізілетін жылдардан бұрынғы бес күнтізбелік жыл ішінде ашық болып қалады.

Жетекшілік 2018 жылғы 31 желтоқсанда және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде оның қолданылатын заңнаманы түсіндіруі сәйкесінше болып табылады және Топтың салық, валюта және кеден бойынша жайғасымы расталуының ықтималдығы бар деп санайды. Тиісті органдар тексергеннен кейін Топтың таза кірісінде бейнеленуі мүмкін қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімақылар есептелуі мүмкін.

#### *Негізгі құралдарды қайта бағалау*

Топ үйлерді, көлік құралдарын қайта бағаланған құны бойынша бағалайды және олардың әділ құнының өзгеруі ЖСҚ құрамында танылады. Ғимараттар ұқсас сипаттағы жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, объектілердің орналасқан жері мен жай-күйі негізінде бағаланды. Топ 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнын анықтау мақсатында тәуелсіз бағалаушыны тартты.

#### *Қаржы құралдарын әділ құны бойынша бағалау*

Қаржылық жағдай туралы есепте танылған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарықтардағы баға белгілеу негізінде айқындала алмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау модельдерін пайдалана отырып айқындалады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан ақпарат пайдаланылады, алайда бұл іс жүзінде жүзеге асырылмайтын жағдайларда әділ құнды белгілеу үшін пайымдаудың белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және құбылмалылық сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға қатысты жорамалдардағы өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

#### *Қаржылық емес активтердің құнсыздануы*

Егер активтің немесе ақша қаражатын генерациялайтын бірліктің баланстық құны оның (оның) өтелетін сомасынан асып кетсе, құнсыздану орын алады, ол мынадай шамалардың ең үлкені болып табылады: істен шығуға немесе пайдалану құндылығына жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн. Істен шығуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасындағы ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар операциялары бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығуына байланысты жұмсалған қосымша шығындарды шегере отырып, бақыланатын нарықтық бағаларға негізделген.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)****Маңызды бухгалтерлік болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері (жалғасы)***Сот даулары*

ХҚЕС-ке сәйкес, Топ дұрыс бағалануы мүмкін өткен оқиғалардың салдарынан пайда болған ағымдағы міндеттемелер болған кезде ғана провизияларды қалыптастырудың қажеттігін таниды. Көрсетілген өлшемдерге сәйкес келмейтін келісім-шартты міндеттеме қаржылық есеп берушілікке ескертулерде ашып көрсетілуі мүмкін. Сот дауларына қатысты аталған қағиданы қолдану Топтан ол бақылайтын салалардан тыс жерлердегі әр түрлі оперативтік және заңдық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды талап етеді. Сот даулары болған жағдайда, сондай-ақ, әр есептік күні провизияларды қалыптастырудың қажеттігін бағалау үшін Топ аяқталмаған сот дауларын қайта қарау саясатын ұстанатын болады. Топ провизияларды қалыптастырудың қажеттігі туралы шешім қабылдаған кезде есепке алынатын келесі факторлар бар: талап-арыздың, талапты немесе айыппұлдың мәні; сот дауларының өзі үшін қолайсыз аяқталуының нәтижесінде Топқа келтірілуі мүмкін өлеуетті шығын сомасы; сот дауларының барысы (соның ішінде, қаржылық есеп берушілікті құрастырған күннен кейін, бірақ ол жарияланғанға дейін); заңгерлік кеңес берушілердің пікірі; бұрынғы осындай даулардың тәжірибесі; Топ жетекшілігінің талап-арызға, талапқа немесе айыппұлға қалай әрекет ету керектігіне қатысты кез-келген шешімі. Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік шыққан күнгі жағдай бойынша Топ сот дауларына тартылған жоқ.

**4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕР**

	<i>2018 жыл</i>	<i>2017 жыл</i>
<b>Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістер</b>		
Биржадағы операциялар үшін комиссиялық сыйақы	993.712	687.838
Листингтік алымдар	718.150	654.159
Биржаға мүшелікке кіргені үшін алымдар	340.488	360.034
Ақпараттық қызмет көрсетулерден түскен кірістер	203.844	212.687
Клирингтік алымдар	73.360	1.949
Қашықтан қол жеткізу қызметтерінен түскен кірістер	31.240	22.793
<b>Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістер жиыны</b>	<b>2.360.794</b>	<b>1.939.460</b>

**5. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР**

	<i>2018 жыл</i>	<i>2017 жыл</i>
<b>Пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:</b>		
Құнсыздануға ұшырамаған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	507.109	552.119
Құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	164.489	2.041
<b>Пайыздық кірістер жиыны</b>	<b>671.598</b>	<b>554.160</b>

	<i>2018 жыл</i>	<i>2017 жыл</i>
<b>Амортизацияланған құн бойынша бейнеленген қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:</b>		
Банктердегі қаражаттар бойынша пайыздық кірістер	155.584	166.117
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестициялар бойынша пайыздық кірістер	425.550	372.516
Құнды қағаздармен кері «репо» операциялары бойынша сыйақыны алуға байланысты пайыздық кірістер	83.600	3.623
Ақша және оның баламалары бойынша пайыздық кірістер	6.864	11.904
<b>Қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер жиыны</b>	<b>671.598</b>	<b>554.160</b>

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

**6. ПАЙЫЗДАР ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ САҚТЫҚ ҚОРЫ**

Пайыздық кірістер есептелетін активтердің құнсыздануы бойынша сақтық қорлардың өзгеруі туралы және басқа да сақтық қорлар бойынша ақпарат келесідей ұсынылған:

	<i>Ақша және оның баламалары</i>	<i>Банктердегі қаражат</i>	<i>Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар/ амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері</i>	<i>Басқа да активтер</i>	<i>Жиыны</i>
2016 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша	-	-	39.858	14.542	54.400
Сақтық қорлардың қалыптасуы	-	-	-	(656)	(656)
Активтерді есептен шығару	-	-	(35.966)	(7.288)	(43.254)
2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша	-	-	3.892	6.598	10.490
9 ХҚЕС-қа сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды жабуға арналған сақтық қорды (провизияларды) қалыптастыру	5.420	5.946	(3.361)	(444)	7.561
Активтерді есептен шығару	-	-	-	-	-
2018 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша	5.420	5.946	531	6.154	18.051

**7. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА (ШЫҒЫН)**

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда 10.135 мың теңгені құрады, 2017 жылы - шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза шығын 2.927 мың теңге көлемінде.

**8. БАСҚА ДА КІРІС**

	<i>2018 жыл</i>	<i>2017 жыл</i>
Овернайт пайыздары бойынша кіріс	55.804	12.216
Алынған айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы	4.892	533
Сатып алу бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді тану бойынша кіріс	705	-
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	426	-
Түгендеу нәтижелерін көрсетуден түскен кірістер	118	201
Кредиторлық берешекті есептен шығару	75	4.501
Шығындарды өтеу (электрондық рұқсаттаманы жоғалтқаны үшін)	1	1
НҚ активтерінің істен шығуынан түсетін кіріс	-	6.107
оқыту бойынша шығындарды өтеу	-	60
<b>Басқа да кіріс жиыны</b>	<b>62.021</b>	<b>23.619</b>



(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

**9. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР**

	<b>2018 жыл</b>	<b>2017 жыл</b>
Қызметкерге жұмсалатын шығындар	1,224.875	980.570
Тозық және амортизация	132.515	134.795
Әлеуметтік салық	114.455	98.081
Бизнесі дамытуға арналған шығыстар	67.272	26.237
<b>Негізгі құралдар және МЕА -ға техникалық қызмет көрсету</b>	<b>49.390</b>	<b>47.842</b>
Банктің қызмет көрсетулері	42.540	46.698
Табыс салығынан басқа салықтар	38.909	43.122
Құнсыздану бойынша шығын (үлестік әдіспен есепке алынатын инвестициялар)	37.473	-
Иссапар шығындары	35.241	23.458
Кәсіби қызмет көрсетулер	33.317	14.101
Коммуникациялар және SWIFT қызмет көрсетуі	32.926	30.339
Ұстау және операциялық жалға алу бойынша шығындар	17.589	17.741
Ақпараттық қызмет көрсетулер	14.379	13.651
Мүшелік жарналар	13.833	12.554
Қызметкерді оқыту	4.344	8.066
Пошталық және шабармандық қызмет көрсетулерге жұмсалатын шығындар	2.034	2.443
Сақтандыру шығындары	1.366	1.519
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын	-	54.410
Басқа да шығындар	76.220	60.345
<b>Операциялық шығындар жиыны</b>	<b>1.938.678</b>	<b>1.615.972</b>

Персоналға шыққан шығындарда Топтың бейматериалды активтеріне айналдырылатын, бағдарламалық өнімдерді аяғына дейін жасаумен тікелей айналысатын, қызметкерлердің сыйақылары ескерілмеген. Жоғарыда айтылмыш сыйақылар туралы ақпарат осы есеп берушіліктің 18 ескертпесінде ашылған.

Үлестік әдіспен есепке алынатын инвестициялардың құнсыздануы бойынша шығын (РТРС ЖШС) 2018 жылы сатуға арналған активтерге ауыстыру сәтінде танылды және 37.473 мың теңгені құрады.

**10. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ**

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығын келесі баптардан тұрады:

	<b>2018 жыл</b>	<b>2017 жыл</b>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	176.164	121.442
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	737	(8.609)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар</b>	<b>176.901</b>	<b>112.833</b>

Топ ағымдағы кезеңге ХҚЕС-тен ерекшеленуі мүмкін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, салық базасының негізінде корпоративті кіріс салығы бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырады.

Шығындардың кейбір түрлері салық салу мақсаты үшін есепке алынбайтын болғандықтан, сондай-ақ, Топтың салық салынбайтын кірісі болуының салдарынан белгілі бір тұрақты салық айырмалары туындайды.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есеп берушілік мақсатындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны және салық салу мақсатында белгіленетін сома арасындағы уақытша айырмалардан болған таза салық нәтижесін бейнелейді.

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен)

**10. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ (жалғасы)**

2018 жылғы 31 желтоқсанның және 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңында қолда бар уақытша айырмалар негізінен кірістер мен шығыстарды есепке алудың әр түрлі әдістеріне/мерзімдеріне байланысты, сондай-ақ, кейбір активтердің есептік және салықтық құнына қолданылатын әр түрлі тәсілдерге байланысты пайда болатын уақытша айырмаларға байланысты.

2018 жылғы 31 желтоқсанның және 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы уақытша айырмалардан болған салық нәтижесі келесідей ұсынылған:

	<i>2018 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>Басқа да жиынтық табыстар құрамында</i>	<i>Пайдалар және шығындар туралы есепте</i>	<i>2017 жылғы 31 желтоқсан</i>
<b>Шегерілетін уақытша айырмалардан болған салық нәтижесі</b>				
Қолданылмаған демалыстар бойынша	9.069	-	2.869	6.200
Негізгі құралдар	14	-	(77)	91
Активтердің құнсыздануы бойынша сақтық қорлар	1.650	-	(1.823)	3.473
Күмәнді талаптар бойынша сақтық қорлар	934	-	194	740
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер</b>	<b>11.667</b>	<b>-</b>	<b>1.163</b>	<b>10.504</b>
<b>Салық салынатын уақытша айырмалардан болған салық нәтижесі</b>				
Негізгі құралдар	(35.317)	-	(1.900)	(33.417)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(35.317)	-	(1.900)	(33.417)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығының міндеттемелер жиыны</b>	<b>(23.650)</b>	<b>-</b>	<b>(737)</b>	<b>(22.913)</b>

**Кейінге қалдырылған таза кіріс міндеттемелерінің қозғалысы**

	<i>2018 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>Басқа да жиынтық табыстар құрамында</i>	<i>Пайдалар және шығындар туралы есепте</i>	<i>2017 жылғы 31 желтоқсан</i>
<b>Жыл басындағы таза кейінге қалдырылған салық міндеттемесі</b>	<b>22.913</b>	<b>-</b>	<b>(12.628)</b>	<b>35.541</b>
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша кейінге қалдырылған салық	-	-	4.019	(4.019)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығын	737	-	9.346	(8.609)
<b>Жыл соңындағы таза кейінге қалдырылған салық міндеттемесі</b>	<b>23.650</b>	<b>-</b>	<b>737</b>	<b>22.913</b>

